

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

желі

бөлім

қоңырау

оператор

батырма

кеңесші

басты мәзір

өту

күту

теру

жазылу

байланысу

бағалау

хабарлау

орнату

қайта оралу



2. Тыңдаңыз, жазыңыз.

басты _____

кеңесшіге _____

қоңырау _____

ақпараттар бөліміне _____

желіде _____

оператормен байланыс _____

батырманы _____

оператордың жұмысын _____

3. Сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

кеңесшіге жазылу

ақпараттар бөліміне өту

оператормен байланыс орнату

желіде күту

басты мәзір

оператордың жұмысын бағалау

батырманы басу

қоңырау шалу

6-САБАҚ

4. Берілген сөздерді пайдаланып SMS хабарламаны толықтырыңыз.

Картаны _____ үшін
Шот _____ үшін
Ақпараттар бөліміне _____ үшін
Қазақ тілін _____ үшін
Оператордың жұмысын _____ үшін

Шылау сөз: үшін
Басты мәзірге қайту үшін.
Қазақ тілін таңдау үшін.
Оператормен байланысу үшін.

бағалау

таңдау

ашу

ету

шығару

бұғаттау

5. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Есте сақтаңыз!

Өтінеміз, желіде қалыңыз. – _____.

Өкінішке қарай барлық операторлар бос емес. – _____.

Сізге алғашқы босаған оператор қызмет көрсетеді. – _____.

Оператордың жауабын күтіңіз. – _____.

Оператордың жұмысын бағалаңыз. – _____.

Қоңырауыңыз жазылуда – _____.

40

6-САБАҚ

6. Берілген сөздердің көмегімен сөйлемдерді толықтырыңыз.

Қоңырауыңыз _____ !

Сізге алғашқы босаған оператор _____ көрсетеді.

Оператордың жауабын _____.

Оператордың жұмысын _____.

Өтінеміз, желіде _____.

Өкінішке қарай барлық операторлар _____.

қызмет

күтіңіз

бағалаңыз

қалыңыз

жазылуда

бос емес

41

Қайырлы күн!

Мен сіздің виртуалды кеңесшіңіз Айғаныммын.

Сіз « _____ » _____ қоңырау шалдыңыз.

Қоңырауыңыз жазылуда

_____ 1 батырмасын басыңыз.

Мобильді қосымша туралы _____ 2 батырмасын басыңыз,

Картаға _____ 3 батырмасын басыңыз,

Оператормен байланыс орнату үшін желіге күтіңіз,

Басты _____ 0 батырмасын басыңыз.

8. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

_____ 1 батырмасын басыңыз.

_____ 2 батырмасын басыңыз.

_____ 3 батырмасын басыңыз.

_____ желіге күтіңіз.

_____ 0 батырмасын басыңыз.

– Қайырлы күн! Атым – Нұркен, сізді тыңдап тұрмын.

Қандай көмегім керек?

– Сәлеметсіз бе! Мен картамды жоғалтып алдым.

Картамды бұғаттаңызшы.

– Картаны бұғаттау үшін аты жөніңізді айтыңызшы.

– Боранғазы Фариза Ерланқызы

– ЖСН нөміріңіз қандай?

– 891011121234

– Қай қаладан хабарласып тұрсыз?

– Қарағанды қаласынан.

– Картаңыз бұғатталды.

– Оператордың жұмысын бірден беске дейін бағалаңыз.

– Рақмет. Сау болыңыз!

Атым – Айзат, сізді тыңдап тұрмын.	1
ЖСН нөміріңіз қандай?	
Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 34 -үй	
Оператордың жұмысын бағалау үшін	
Картаңыз бұғатталды.	
Қай қаладан хабарласып тұрсыз?	
Қандай көмегім керек?	

11. Сұқбатты оқыңыз.

- Қайырлы күн!
- Қандай көмегім керек?
- Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 34-үй.
- Сау болыңыз!
- Сәлеметсіз бе!
- «TUMAR» банкі қайда орналасқан?
- Рақмет. Сау болыңыз!

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

салық
айыппұл
салымдар
жеке шот
пайызсыз несие
шот ашу
несие алу
депозит ашу
несие рәсімдеу
картаны бұғаттау
шотты толтыру
шотқа ақша аудару
банк арқылы аудару
халықаралық аударым
өзге тұлғаның шотына аудару
жеке тұлғаның шотына ақша аудару





2. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

- Сізге қандай көмегім керек?
- Карта ашайын деп едім.
- Жеке куәлігіңізді беріңіз.
- Алыңыз.
- Қайда жұмыс істейсіз?
- Мектепте жұмыс істеймін.
- Айлығыңыз қанша?
- Қосымша табыс көзі бар ма?
- Қосымша табыс көзі бар/жоқ.
- Суретке түсіремін.
- Камераға қараңыз.
- Қолыңызды қойыңыз.



3. Қажетті сөздерді жазыңыз.

- Сізге қандай _____ ?
- Карта _____ .
- Жеке куәлігіңізді _____ .
- Міне, _____ .
- Қайда жұмыс _____ ?
- Мектепте жұмыс _____ .
- Айлығыңыз қанша?
- Қосымша табыс көзі _____ ?
- Қосымша табыс көзі _____ / _____ .
- Суретке _____ .
- Камераға _____ .
- Қолыңызды _____ .

Қажетті сөздер: көмегім керек, ашайын деп едім, беріңізші, алыңыз, істейсіз, істеймін, бар ма, бар/жоқ, түсіремін, қараңыз, қойыңыз.

- Картамның жарамдылық мерзімі аяқталды.
- Терминалға жүріңіз.
- Картаны терминалдан аламыз.
- Бұл сіздің уақытыңызды үнемдейді.
- Телефон нөміріңізді жазыңыз.
- Телефонға келген кодты жазыңыз.
- Пин код орнатыңыз.
- Картаңызды алыңыз.

5. Берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

Картамды

Картамды

Картаны терминалдан

Жеке сәйкестендіру нөмірін

Телефонға келген кодты

Картаңызды

алыңыз

теріңіз

алыңыз

жоғалтып алдым

теріңіз

бұғаттайын деп едім

6. Жасырынған сөздерді табыңыз.

ж	е	к	е	к	ш	о	т
к	а	р	т	а	с	п	ө
о	п	е	н	л	а	а	л
з	к	ғ	е	ы	л	й	е
и	е	и	с	қ	ы	ы	м
т	к	т	к	к	м	з	с

7. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Депозит _____ келеді.

Несие _____ келеді.

Карта _____ келеді.

Ипотека _____ келеді.

Ақша _____ келеді.

Ақша _____ келеді.

! 8. Есте сақтаңыз.

Етістік + (ғы, гі), (қы, кі + м, ң, ңыз)
 Сенің автонесие ал+ғы+ң
 Сіздің автонесие ал+ғы+ңыз
 Оның автонесие ал+ғы+сы
 Менің автонесие ал+ғы+м
 Сенің автонесие ал+ғы+ң
 Сіздің автонесие ал+ғы+ңыз
 Оның автонесие ал+ғы+сы

келе ме?

📖 9. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Үлгі: Менің несие ал +ғы +м келеді.
 Сенің несие ал+ғы+ң келеді
 Сіздің несие ал+ғы+ңыз келе ме?
 Оның несие ал+ғы+сы келе ме?

-ғы/-гі

-қы/-кі

Менің депозит аш _____ келеді.

Менің шот толтыр _____ келеді.

Менің ұй ал _____ келеді.

Менің ақша аудар _____ келеді.

Менің несие төле _____ келеді.

Менің ақша жібер _____ келеді.

Менің ипотека жап _____ келеді.

Менің несие рәсімде _____ келеді.

📖 10. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыз.

- Аты-жөніңіз кім?
- Аты жөнім – Мақсат Омарұлы.
- Қандай көмегім керек?
- Несие алғым келеді.
- Жеке куәлігіңізді беріңізші. Қанша теңге несие алғыңыз келеді?
- 2 000 000 теңге алғым келеді.
- Айлығыңыз қанша?
- Айлығым 200 000 теңге.
- Неше жылға алғыңыз келеді?
- 1 жылға алғым келеді.
- Сізге 7%-бен несие береміз. Айдың 10-на дейін.
- 140 000 теңгеден төлейсіз. Төлей аласыз ба?
- Иә, төлей аламын.
- Ақша жеке шотыңызға түседі.
- Рақмет. Сау болыңыз!



- Аты-жөніңіз кім?
- Аты жөнім – Әлия Нұрланқызы.
- Қандай көмегім керек?
- Несиені мерзімінен бұрын төлегім келеді.
- Жеке куәлігіңізді беріңізші.
- Сіздің 1 300 000 теңге қарызыңыз бар. Төлейсіз бе?
- Иә, төлеймін.
- Төлемді қалай жасайсыз?
- Қолма-қол төлеймін.
- Кассаға барыңыз. Сіздің несиеңіз толық төленді.
- Рақмет! Сау болыңыз!



- Аты-жөніңіз кім?
- Аты жөнім – Камила Талғатқызы.
- Қандай көмегім керек?
- Ипотеканы мерзімінен бұрын жапқым келеді.
- Жеке куәлігіңізді беріңізші.
- Сіздің 2 300 000 теңге қарызыңыз бар. Төлейсіз бе?
- Иә, төлеймін.
- Төлемді қалай жасайсыз?
- Картамен төлеймін.
- Кассаға жүріңіз.
- Сіздің ипотекаңыз жабылды.
- Рақмет! Сау болыңыз!



8-САБАҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРІН ТАҢДАҢЫЗ

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

мерзім
батырма
бөлімше
жеке тұлға
заңды тұлға

қолма-қол ақша
ашу
өту
басу
тұру

таңдау
тіркелу
толтыру
орындау

2. Сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

банктік қызметтер
банк арқылы аудару
халықаралық аударымдар
жеке шот
пайызсыз несие
кезек нөмірі



54

8-САБАҚ

3. Сұқбатты рөлге бөліп оқыңыз.

- Депозит ашайын деп едім.
- Депозитті онлайн ашамыз.
- Телефоныңызда «TUMAR» банк қосымшасы бар ма?
- «Депозит ашу» батырмасын басыңыз, қарапайым қадамдарды төмендегідей орындаңыз.
- Сізге депозит ашылды.
- Ай сайын 10 мыңнан артық төлем жасау керек.
- Рақмет, сау болыңыз!

4. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

депозит ашу

батырманы басыңыз

онлайн ашу

қадамдарды орындаңыз.

Банк қосымшасы бар ма?

депозит ашылды

толықтырып отырыңыз

55